

*ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫҢДАҒЫ ІШКІ ІСТЕР ОРҒАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН
ЗАҢНАМАНЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ МАНИТОРИНГТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АҒА
ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ*

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңдегі құқықтық саясат тұжырымдамасында қазіргі заңнаманы ізгілендіруге ерекше көңіл бөлінген. Осы мақсатты іске асыруда заң шығарушы органдар тарабынан үстіміздегі жылдың 18 қаңтары мен 9 қарашасында айтарлықтай өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістердің әрқайсысы қылмыстылықпен күресте тиімді ықпалын тигізеді және құқықтық ғылымның дамуына айрықша үлес қосады. Мұнда заңнама азаматтардың қажетті қорғанысқа деген құқығын мейлінше кеңейтті. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу шартына да ізгілендіру болды. Экономикалық қылмыстарға да көңіл бөлініп, бас бостандығынан айыру сияқты қылмыстық жаза айыппұлдың көбейтілуімен ізгілендірілді¹.

Жалпы алғанда қылмыстық заңнаманы ізгілендіру қажет-ақ. Себебі қылмыс жасағандарды темір тордың ар жағына тоғыта беру науқанға айналғаны соншалық, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатардағы елдердің бірі. Осы орайда саясаттанушы Расул Жұмалының: «Түрмеде отырғандардың әрқайсына мемлекет қазынасынан қаржы бөлінеді. Тамағы, киімі тағысын-тағы дегендей... Бұл да артық шығын. Қаржы саласында ма, экономикалық қылмыс жасады ма, әлде өзге де, қылмысы тым ауыр болмаса айыппұлдың төлеу арқылы жазасын жеңілдетуге болар еді. Қайтқан қаржы мемлекет қазынасына құйылып жатса, ол да қоғам үшін пайда. Тек осы жағы айқын, анық болғаны жөн», — деген пікірі өте орынды.

Ал, қоғам қайраткері Амангелді Айталының БАҚ-тың өкілдеріне берген төмендегідей сұхбаты да көкейге қонымды: «Мұндай тәжірибе Колбиннің тұсында болған. Неге екені қайдам, кейіннен аяқсыз қалды. Жалпы, қылмыстық заңнамаларды ізгілендіруді қолдауға да, қолдамауға да болады. Неге? Біріншіден — адамның бәрі пенде. Пендешілікке салынып, «ақыры сотталмайды екенмін, несі бар ішіп-жеп көрейін. Ұсталсам төлеп құтылармын, тұтылмасам жүре берермін» деген ой әркімнің ойында тұрары хақ. Осы жағынан келгенде бұл шара тиімсіз болуы да мүмкін. Ол үшін не істеу керек? Яғни елімізден сыртқа шығатын қаржыға тосқауыл қойылуы керек. Әйтпесе ақшаны шетел асырып, өзі де тайып тұратындар кездесіп жатыр емес пе? Сондай-ақ, елден сыртқа шығып шетел банкісіне түскен ақшаларды сол банкпен келісе отырып, «бұл ақша қайдан келді?» деп тексеру де керек. Осы секілді түрлі жолдарды қатыстырған жөн. Сонда ғана жемқорлар аяғын тарта басады. Жалпы, қылмыстық заңнамаларды ізгілендірген дұрыс. Бірақ асықпау керек. Артынан қайта-қайта өзгерістер, түзетулер енгізбес үшін әбден ойласып барып қабылдаған жөн».

Экономикалық қылмыстарға қатысты қылмыс жасағандардың бәрін Қылмыстық кодекстен айыппұлмен ғана шектеп, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне ауыстыратын болса, қылмыс азаяды деп жорамал жасау ертерек сияқты. Ақша төлеп құтылу қылмыскердің өзі істеген қылмыстық әрекетін сезінуін жоғалтатындай. Тіптен ақшасы көптерге бұл заң тиімді де болуы мүмкін. Мақсат - түрмеге қамауды ізгілендіру жолымен шектеу болғанымен, басты мақсат - қылмысты құрықтау, алдын алу екендігін естен шығармаған дұрыс. Ол үшін асықпай озық елдердегі осы мәселеге қатысты тәжірибелерді зерттеп, саралаған жөн.

¹ Закон № 43 (3776), 17.11.2011 г., «Очередной шаг к гуманизации», профессор И. Ш. Борчашвилимен сұхбат.